



2026 жылдың 01 сәуірдегі


Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.

2026 жылғы 1 сәуірдегі елдің 23 екінші деңгейлі банктерінің несиелер портфелінің көлемі **43 394,3 млрд теңгені** (жиынтық активтердің 62%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несиелер (NPL) көлемі **1 723 млрд теңге**, немесе жалпы несиелер портфелінің **4%** құрады (2026 жылғы 1 наурызға – 42 999,7 млрд теңге немесе 61%).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несиелер деңгейінің динамикасы




Қарыз алушылар санаттары бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **Жеке тұлғаларға** (жеке кәсіпкерлерді қоспағанда) – 1 177,6 млрд теңге немесе 68% (01.03.2026 ж. – 1 155,5 млрд теңге) тиесілі.


Қаржылық емес заңды тұлғаларға – 545,2 млрд теңге немесе 32% (01.03.2026 ж. – 526,3 млрд теңге) тиесілі.

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **қаржылық заңды тұлғаларға**, банкаралық қарыздар және «Кері РЕПО» операцияларын қоспағанда – 0,2 млрд теңге (01.03.2026 ж. – 0,2 млрд теңге) тиесілі.

01.03.2026 ж.
NPL құрылымы



01.04.2026 ж.
NPL құрылымы




■ Қаржылық емес заңды тұлғаларға несиелер ■ Жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерді қоспағанда несиелер

Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ға тиесілі келеді – 553,7 млрд теңге немесе несие портфелінің үлесінде 4,3%.

Әрі қарай NPL көлемі бойынша ірі банктер:

- «KASPI BANK» АҚ – 486,9 млрд теңге (6,2%);
- «ForteBank» АҚ – 119,9 млрд теңге (4,1%);
- «Bereke Bank АҚ (Leshan Bank LLC (Public) ЕБ)» – 114,7 млрд теңге (7%);
- «Alatau City Bank» АҚ – 94,3 млрд теңге (7,2%).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк




Сонымен бірге несие портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі **«Банк ВТБ» ЕБ АҚ – 9,6%**.

Сондай-ақ келесі банктерде жоғары деңгей байқалады:

- **«БиЭнКей» АҚ – 8,1%;**
- **«Alatau City Bank» АҚ – 7,2%;**
- **«Bereke Bank» АҚ – 7%;**
- **«Home Credit Bank» АҚ – 6,8%.**

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ
 Корпоративтік даму департаменті дайындады